

АБАЙ АУДАНЫ
(ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ)

Статусы: **аудан**

Кіреді: **Шығыс Қазақстан облысы**

Енеді: **9 ауылдық округ**

Әкімшілік орталығы: **Қарауыл**

Құрылған уақыты: **1928 жыл**

Ресми тілі: **қазақ тілі**

Тұрғыны (**2015**): **15 371^[1]**

Ұлттық құрамы:

қазақтар (99,01%)^[1]

Жер аумағы: **20093 км² (7-ші орын)**





Климаты

Климаты континенттік, қысы суық, жазы ыстық, құрғақ. Орташа ауа температурасы қаңтарда — $15,5^{\circ}\text{C}$, шілдеде — $20,5^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері — 250–350 мм. Аудан аумағынан Шаған, Ащысу, Бөкенші өзендері ағып өтеді. Жазда құрғап қалатын ұсақ өзендер мен жылғалар, ащы және сор көлдер көп.

Өсімдігі

Жері қоңыр және сортаң топырақты келеді.

Өсімдіктерден далалық өңірде селеу, бетеге, жусан, ши, таулы өңірлерде терек, қайың, өзен бойларында тал, қарақат, мойыл өседі.

Бетеге (лат. Festuca)
– астық тұқымдасына
жататын көп
жылдық өсімдіктер.

Далалық, шалғындық
жерлерде, тау бөктерлерінде
өседі.

Олардың гүлшоғыры селдір,
кейде тығыз сыпыртқы
гүлді. Масақ гүлі үш немесе
көп гүлді
болады. Сабағында жапырағ
ы сирек
орналасқан, ұзынша, жылты
р болып
келеді. Қазақстанда 20 түрі
бар, жиі кездесетін түрлері
кәдімгі бетеге, су бетегесі.



СЕЛЕУ (ЛАТ. ARISTIDA)

– АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСЫНА
ЖАТАТЫН КӨП ЖЫЛДЫҚ, КЕЙДЕ
БІР ЖЫЛДЫҚ ӨСІМДІКТЕР.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ШАҒЫЛДЫ-
ТӨБЕЛІ ҚҰМДАРЫНДА ӨСЕДІ.
БИКТИГІ 30 – 40 СМ. ГҮЛШОҒЫРЫ
БЫТЫРАҢҚЫ ЖАПЫРАҚ
ҚЫНАБЫМЕН ҚАБЫСҚАН.
БҰТАҒЫ ҚАБЫРШАҚТЫ,
ҚАУЫРСЫН ТӘРІЗДІ.

МАСАҚТАНҒАНША – МАЛ
АЗЫҒЫ. МАМЫР – МАУСЫМ
АЙЛАРЫНДА ГҮЛДЕЙДІ.
МАСАҒЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 2 СМ-
ДЕЙ. СЕЛЕУДІҢ ҚҰМ
ТОҚТАТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ ЗОР.



Жануарлардан арқар, елік, қасқыр, түлкі, орқоян, қарсақ, борсық, күзен, тиін, сарышұнақ; құстардан дуадақ, құр, бұлдырық, бөдене, тырна, қаз, , үйрек бүркіт, т.б. мекендейді.





Арқар (лат. *Ovis ammon*)

– жұптұяқтылар қатарының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын ірі ан; тау арқары туысының сүтқоректі жануары.

Дене ұзындығы 110-120 см, шоқтығының биіктігі 65-125 см. Аталықтарының мүйізі 67-190 см, түбірінің жуандығы 22-50 см салмағы 30 кг. Ұрғашыларының кейде қысқа мүйізі болады. Таралуы: Жерорта теңізі аралдары алдыңғы орта орталық солтүстік шығыс Азияда. ТМД кеңістігінде арқардың 10-нан астам түршесі таралған. Олар бір-бірінен көлемі салмағы мүйізінің пішіні мен құрылысы т.б. ерекшеліктерімен ажыратылады. Кейде арқарды бірнеше түрге бөледі: Еуропалық муфлон (*O. musimon*) үстірт арқары (*O. orientalis*); Олардың хромосом құрамы әртүрлі ($2n=54-56-58$) бірақ олардың будандары тұқым береді. Кейде арқарға тек $2n=56$ жатқызады. Саны азаюда. 7 түршесі ХТҚО -(1) және КСРО (7) Қызыл кітаптарына енгізілген. Арқар үй қойларымен будандастыруға пайдаланған. Соның нәтижесінде биязы жүнді тау мериносы мен арқармеринос қой тұқымдары шығарылған



Елік (лат. *Capreolus pygargus*)

– бұғылар тұқымдасына жататын жұптұяқты, сүтқоректі жануар.

Еліктің 3 түр тармағы

(Еуропа, Сібір, Маньчжур) таралған.

Қазақстанда Сібір түр тармағы (*C. s. pygargus*) кездеседі. Дене тұрқы 120 – 160 см, шоқтығына дейінгі биіктігі 75 – 100 см, салмағы 30 – 55 кг. Құйрығы өте қысқа.

Ешкісі мүйізсіз, текесінің наурыз – мамырда толық жетіліп, қараша – желтоқсанда түсетін 3 – 5 ашалы мүйізі (25 – 40 см) болады. Аяқтары жіңішке әрі ұзын. Қыста түгінің түсі қоңырқай сұр, жазда жирен, жас лақтарының түгінде ашық түсті теңбіл дақтары болады. ЕлікТалас, Іле, Жетісу (Жоңғар) Алатауында, Батыс және Орталық Тянь-Шаньда, Қаратауда, Тарбағатайда, Сауырда және Оңтүстік Алтайда кездеседі.